

SANTA FE







Үлкенірек. Жақсырақ. Тартымдырақ.

Сізді және отбасыңызды алда қандай күн күтіп тұрғаны маңызды емес — жаңа Santa Fe оны одан да жақсартады. SUV желісінің флагманы түбегейлі өзгерістерге ұшырады және барлық жағынан жетіле түсті: стиль, бос кеңістік, жайлылық және ыңғайлылық. Бұл әмбебап отбасылық кроссовер енді мәнерлі дизайнымен ерекшеленеді және керемет интеллектуалды технологиялармен және озық қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған.



Таңдаулы кемелдіктің жарқын жағы.

Тартымды, қуатты және сенімді... Жаңа Santa Fe қиындықтардан қорықпайды. Ол жолдарды еңсеру үшін және қайталанбас дизайнымен көңіл аудару үшін жасалған. Керемет сыртқы дизайн — SUV сегментіндегі жаңа сөз. Онда қуат пен айрықша нәзіктік үйлесім тапқан.









Қайсар сенімділік. Таза кемелдік.

Жаңа Santa Fe радиаторының кең торы, Т-тәрізді бірегей жарықдиодты күндізгі жүріс шамдары бар жаңа жарықдиодты фаралармен толықтырылған, бұл бір көргеннен ерекше әсер қалдырады. Автомобильдің динамикалық профилі шағылыстырғыштың қызыл жолағымен байланысқан, көлденеңінен созылған жаңа артқы шамдарымен ерекшеленеді. Осының арқасында жолда сенімді көрінетін шанақтың мінсіз теңдестірілген пропорциялары визуалды күшейе түседі.









Талғампаздық және әмбебап кеңшілік.

Santa Fe салоны енді бұрынғыдан да кең. Ол бүкіл отбасы үшін қосымша артықшылықтарға толы: бос кеңістік, жайлылық пен ыңғайлылық. Мұнда сән-салтанаттың жаңа деңгейі сезіледі — әр бөлшекті тыстау үшін премиум жұмсақ материалдар мен былғары қолданылады. «Шарықтаған» орталық консоль сәнді былғарымен тысталған алдыңғы панельмен керемет үйлесіп байланысады. Hyundai автомобильдері үшін ішкі және сыртқы келбетіне арналған Luxury Package қосымша пакет қолжетімді, бұл модельге талғампаздық сыйлайды. Кескіннің мінсіз айқындылығымен, пайдалану ыңғайлылығымен және смартфон экранын қайталау мүмкіндігімен ерекшеленетін 12,3 диагоналі бар құрылғылардың толық цифрлық комбинациясы және 10,25-дюймдік сенсорлық дисплейі бар аудиожүйе.



Салонда тыныштық пен жайлылық орнайды. Ондағы әрбір бөлшектер сапарды қауіпсіз және жағымды ету үшін жасалған. Батырма түріндегі селектор орталық консольде ыңғайлы орналасқан, ал құрылғылардың инновациялық цифрлық комбинациясында «соқыр» аймақтарды бақылау жүйесі камераларының бейнелері көрсетіледі, бұл күрделі жолақтарды ауыстыруды қауіпсіз және жеңіл етеді. Әрине, салонда сондай-ақ смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі орнатылған, 8-дюймдік мультимедиялық жүйенің дисплейі смартфонның экранын сымсыз байланыс арқылы қайталауға мүмкіндік береді.




«Шарықтаған» типті орталық консоль және «Shift-by-wire» берілістерді батырмамен ауыстырып қосу қорабы.



12,3-дюймдік толық цифрлық құрылғылар комбинациясы және «соқыр» аймақтардың мониторлары.



8-дюймдік дисплей және смартфонды қайталау функциясы бар мультимедиалық жүйе. Смартфондарға арналған сымсыз зарядтау құрылғысы.



7 орындық.

Үшінші қатардағы орындықтар бүктелген.

Үшінші қатардағы орындықтар бүктелген, екінші қатардағы орындықтар 40%-ға бүктелген.

Үшінші қатардағы орындықтар бүктелген, екінші қатардағы орындықтар 60%-ға бүктелген.

Екінші және үшінші қатардағы орындықтар бүктелген.

7 адамға арналған бірінші дәрежелі салонның жайлылығынан ләззат алыңыз. Жайлылық пен орындықтардың конфигурациясын қамтамасыз ететін функциялардың кең таңдауының арқасында әр адам орындықтарға жайлы жайғасады. Орындықтардың жайлылығы мен жүксалғыш есігінің электр жетегі сияқты күнделікті пайдаланғанда таптырмайтын көмекшілердің артықшылықтарын сезініңіз. Алыс саяхатқа шықпақсыз ба? 60 : 40 қатынасында бүктелетін екінші қатардағы орындықтарды сырғытыңыз да жолаушылар мен багажды салонға оңай орналастырыңыз. Батырманы бір рет бассаңыз болды — екінші қатардағы орындықтар бүктеледі. Жаңа платформа мен Santa Fe екінші қатарындағы және жүк бөліміндегі жайғастырудың арқасында бос орын көбейе түсті, сондықтан сапар одан да ыңғайлы болады.



Santa Fe интерьері.



One-touch Folding үшінші қатарға қол жеткізу мүмкіндігі. Жүксалғыш есігінің электр жетегі .







Көбірек тиімділік. Көбірек бақылау.

Santa Fe қозғалысты таңдау мүмкіндігі бар инновациялық толық жетекті жүйемен және таңдау үшін екі қуат қондырғысымен жабдықталған.

Тиімді қуат.

2.5 MPI	3.5 MPI	2,2 CRDI
180 Максималды қуаты а. к. / 6000 айн/мин	249 Максималды қуаты а. к. / 6400 айн/мин	199 Максималды қуаты а. к. / 3800 айн/мин
232 Максималды айналу сәті Нм / 4000 айн/мин	331 Максималды айналу сәті Нм / 5000 айн/мин	440 Максималды айналу сәті Нм / 1750 - 2750 айн/мин

Өзіңіздің қозғалыс режиміңізді таңдаңыз.

Өзіңізге ең қолайлы режимді таңдау үшін селекторды жай ғана дұрыс күйге келтіріңіз: күнделікті жүргізу үшін COMFORT, оңтайлы отын тиімділігі үшін ECO, жылдам үдету үшін SPORT немесе SMART, онда берілістерді ауыстыру автоматты түрде жүргізу стиліне байланысты жүзеге асырылады.

Terrain Mode.

Қар? Құм? Кір? Ұмытыңыз! Селектор жағдайға байланысты толық жетек жүйесінің сипаттамалары мен параметрлерін оңтайландыру үшін қозғалыс режимдерін тез таңдауға мүмкіндік береді. Режимді дұрыс таңдағаныңызға көз жеткізу үшін құрылғылардың комбинациясын немесе аудиожүйенің экранын қарасаңыз жеткілікті.










Жоғары технологиялық және әмбебап Santa Fe — кез келген жағдайға дайын тамаша отбасылық SUV. Ол көлік қозғалысы қызу қала көшелерінде де, жол жоқ жерлерде де жақсы. Қозғалыс жағдайына байланысты алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы айналу сәтін оңтайлы түрде тарататын толық жетек жүйесінің арқасында әр сапар қауіпсіз және жайлы болады.


HTRAC™ HTRAC™ толық жетек жүйесі

HTRAC™ инновациялық толық жетекті жүйесі бұрылыстарда оңтайлы басқару мен курстық тұрақтылықты қамтамасыз етеді, бұл тайғақ және қарлы жолдарда қозғалысты қауіпсіз әрі жағымды етеді. Бұл жүйе дөңгелектердің сырғанауын автоматты түрде анықтайды және кез келген жағдайда курстық тұрақтылықты сақтай отырып, алдыңғы және артқы дөңгелектер арасында айналу сәтін таратады.


Тұрақты жылдамдықпен
автомагистральмен қозғалу



Бұрылыстағы қозғалыс



Тайғақ жолмен қозғалу



Жаңа платформа

Жаңа Santa Fe үшінші буындағы Hyundai платформасында салынған, ол автомобильдің максималды тұрақтылығын және багаж бөлімінде және салонда көбірек бос орынды қамтамасыз етеді, сондай-ақ динамиканы, басқаруды және отын үнемдеуді жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, ол ыстық қалыптау әдісімен жасалған жоғары берікті болатты кеңінен қолданудың арқасында пассивті қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырады.

Екінші қатардағы жолаушылардың
аяқ жағындағы кеңістік (7
орындық)

1 040 мм

Үшінші қатардағы
жолаушылардың аяқ жағындағы
кеңістік (7 орындық)

746 мм

Жүксалғыш бөлімінің көлемі (7 орындық,
үшінші қатар бүктелген)

634 л (VDA)





Қауіпсіздік пен жайлылықтың жоғары деңгейіне арналған жоғары технологиялар.

Жаңа Santa Fe сізге және сіздің отбасыңызға қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және әр сапардан барынша ләззат алуға мүмкіндік беретін бірқатар ақылды технологияларды алды. Ең жаңа қосылым мүмкіндіктерінен бастап бірінші дәрежелі қауіпсіздік жүйелеріне дейін: Santa Fe сіздің белсенді өмір салтыңызды сақтауға және күнделікті жүргізу кезінде қауіпті азайтуға арналған алдыңғы қатарлы интуитивті түсінікті технологиялармен жабдықталған.



Айнала шолу жүйесі (SVM)

Автотұрақты жеңілдету және қауіпсіз ету үшін айнала шолу жүйесін пайдаланыңыз. Автомобильдің айналасындағы аймақтың бейнесі мультимедиялық жүйенің дисплейіне автомобиль шанағының периметрі бойынша орнатылған төрт жоғары ажыратымдылықтағы камерадан көрсетіледі.

Жаңа Santa Fe әр сапарыңызды қауіпсіз және жайлы етуге арналған бірқатар инновациялық жүйелермен жабдықталған.



Диагоналі 12,3 дюйм болатын құрылғылардың толық цифрлық комбинациясы.



Проекциялық дисплей.
Harman/Kardon премиум аудиожүйесі.



Артқы орындықтағы жолаушылар туралы ескерту.



Жедел қызметтерді шақыру батырмасы.


Hyundai SmartSense

Қауіпсіздік пен тыныштықтың жоғары деңгейі. Hyundai SmartSense жаңа заманауи қауіпсіздік жүйелері және жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері жаңа Santa Fe-ні премиум-класты бәсекелестерімен бір қатарға қояды. Соқтығысуды болдырмау және берілген қозғалыс жолағын ұстап тұру үшін автоматты тежеуден «соқыр» аймақтардағы автомобильдерді анықтауға дейін. Автомобиль қозғалыс кезінде айналадағы қауіптер туралы ескертеді.



Көлік кептелісінде қозғалыс көмекшісі бар интеллектуалды круиз-бақылау (SCC)

Алда келе жатқан көлік құралына дейін берілген жылдамдық пен қашықтықты сақтайды. Қысқа уақытқа тоқтаған кезде қозғалысты автоматты түрде қайта бастайды.



Қозғалыс жолағындағы көмекші (LFA)

Қауіпсіздік деңгейін арттыра отырып, автомобильді қозғалыс жолағында ұстайды. LFA жүйесі қосылу кезде, ол 0-ден 180 км/сағ дейінгі жылдамдықпен автомагистральмен немесе қала көшелерімен қозғалған кезде автомобильді жолақтың ортасында ұстайды.



Алдын ала соқтығысудың алдын алу жүйесі (қиылыстан өткен кездегі көмек көрсету функциясы бар FCA)
FCA жүйесі басқа көлік құралдарымен, жаяу жүргіншілермен немесе велосипедшілермен соқтығысудың алдын алуға көмектеседі. Жылдамдықты автоматты түрде төмендетеді, жүргізушіге ықтимал соқтығысулар туралы ескертеді. Қиылыста солға бұрылған кезде соқтығысу қаупі болса да сондай ескертулер болады.



«Соқыр» аймақтардағы соқтығысуды болдырмау жүйесі (BSA)
Арты бампер мен алдыңғы камераның төменгі жағындағы радар датчиктері арқылы BSA жүйесі «соқыр» аймақтағы көлік құралдарын анықтайды және тиісті индикаторды іске қосу арқылы жүргізушіні бұл туралы ескертеді. Егер мұндай жағдайда бұрылу көрсеткіші қосылса, автомобиль дыбыстық ескерту жасайды және соқтығысуды болдырмау үшін тежегіш механизмдерін іске қосады.

Салон тысталуының түстері



Қара түспен тысталуы (бір реңкті)



Қоңыр-сарғыш түспен тысталуы (екі реңкті)




Қоңыр түспен тысталуы Согпас (екі реңкті)



Сарғыш түспен тысталуы Camel (екі реңкті)

Шанақтың / дөңгелектің боялған түстері




Ақ White Cream (WW2)



Ақ Glacier White (W3A)



Күміс түстес Typhoon Silver (T2X)




Сұр Magnetic Force (M2F)



Қара Phantom Black (NKA)



Көк Lagoon Blue (UE3)



Жасыл Rain Forest (R2F)



Қоңыр Taiga Brown (RN7)



Қызғылт сары Lava Orange (YR2)



18-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



19-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



20-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер

Сипаттамалары

Түрі	Бензинді	Бензинді	Дизельді
Қозғалтқыш	2.5 MPI	3.5 MPI	2,2 CRDI
Қозғалтқыш түрі	Қатарлы, 4 цилиндр	V 6	Қатарлы, 4 цилиндр
Көлемі, см³	2 497	3 470	2,151
Максималды қуаты, айн/мин кезінде а.к.	180 / 6 000	249 / 6 400	199 / 3,800
Максималды айналу сәті, Нм / айн/мин	232 / 4 000	331 / 5 000	440 / 1750 - 2750
Берілістер қорабы	6 АТ	8 АТ	8 DCT
Толық жетек жүйесі	H-TRAC 4WD	H-TRAC 4WD	H-TRAC 4WD
Динамикалық сипаттамалары			
Макс. жылдамдығы, км/сағ	195	210	200
Үдеу 0-100 км/сағ, с	10,3	8,0	10.2
Үдеу 80-120 км/сағ, с	7,6	5,2	8,0
Аспа			
Алдыңғы жағы	Тәуелсіз, Макферсон тіреуі, көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар		
Артқы	Multi-Link Type		
Шиналар			
	235/60 R18, 235/55 R19	235/55 R19	

- Жоғарыда көрсетілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтардың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізбесіне кірмеуі мүмкін және қосымша ақыға опциялар ретінде жеткізіледі.
- Hyundai Auto Kazakhstan техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін дилеріңізден кеңес алыңыз.



Габаритті ені 1 900
Жолтабан 1 637



Габаритті ұзындығы 4 785
Дөңгелек базасы 2 765

Габаритті биіктігі
(шатырында рейлингері бар)

1 685 (1 710)



Жолтабан 1 647

Өлш.бір.: мм



Бір отбасы — көп артықшылықтар.



Hyundai Finance

СІЗДЕРГЕ HYUNDAI FINANCE БАҒДАРЛАМАСЫН
ҰСЫНУҒА ҚУАНЫШТЫМЫЗ

Әріптес банктермен бірлесіп Hyundai клиенттері үшін арнайы әзірленген. Кез келген Hyundai автосалонына келіңіздер, кез келген банктің менеджерінен кеңес алыңыздар және шарттары сіздерді таңғалдырады! Егер жүрілген автомобиль сатып алғыларыңыз келсе, онда біздің серіктес банктер сіздерге Hyundai клиенттері үшін арнайы әзірленген түрлі бағдарламалар бойынша кредит ресімдеуге көмектеседі.



Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН
ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өз клиенттеріне жақын болуға ұмтылады. Сондықтан біз әрқашан сіздердің қауіпсіздіктеріңіз туралы ойлаймыз. Біздің сіздерге деген қамқорлығымыз - жолда көлікпен қауіпсіз қозғалудың кепілі. Сіздердің назарларыңызға қалаларыңыздағы барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында Before Service бағдарламасын ұсынамыз. Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді.



Кепілдік

ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ ӨНДІРУШІНІҢ
КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.

Дайындаушының кепілдігі сервистік кітапшада келтірілген Hyundai автомобильіне кепілдік шарттарына сәйкес келетін ақаулық туындаған жағдайда, осы ақаулықтың сипаты Қазақстан Республикасы заңнамасының және автомобильді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына байланысты автомобильді жөндеу орнына өз жүрісімен жеткізуге мүмкіндік бермеген жағдайда ғана автомобильді ең жақын Hyundai ресми дилеріне жеткізуге (эвакуациялауға) қолданылады.



Жеңілдікпен кредиттеу

ОТАНДЫҚ АВТОӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Сіздер отандық автоөндірісті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын пайдалана аласыздар және ең төменгі бастапқы жарнасы автомобиль құнының небәрі 10%-ын құрайтын 7 жылға жылдық 4% мөлшерлеменен жаңа Hyundai сатып алуға кредитті рәсімдей аласыздар!



Trade in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы бастау алды. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобильіне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24\7 қолжетімді

Дилер туралы ақпарат

HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN

Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы

www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center

Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007

Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.